



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Тарих факультеті 70 жылдан астам уақыт бойы тарих саласындағы мамандарды даярлап келеді. Егер алғашқы жылдары факультетте 10-нан аса оқытушылар мен 300 студент оқыса, қазіргі таңда үш кафедра: Қазақстан тарихы, археология, этнология және музеология, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедралары жұмыс істейді. Кафедраларда 125-ке жуық профессор-оқытушылар құрамы 800-ге жуық студент, магистранттар және докторанттарға заманауи талаптарға сай білім беру бағдарламалары бойынша білім беруде. Тарих факультеті шетелдік жоғары оқу орындарымен білім алмасуға мүмкіндік береді, қазіргі таңда 20-дан аса ірі халықаралық жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтарымен ынтымақтастық қарым-қатынастар орнатылған.

Оқу үдерісімен қатар студенттер факультеттің ғылыми жобаларын жүзеге асыруға белсене қатысады. Факультетте Т.О. Омарбековтің, Қ.Т. Жұмағұловтың, Б.Б. Қарибаевтың, В. Зайберттің, Қ.С. Қаражанның, Ж.Қ. Таймағамбетовтің, Қ.М. Атабаевтың, У.Х. Шәлекевтің, Ә.Т. Төлеубаевтың ғылыми мектептері қалыптасып, жұмыс істеуде.

Факультет түлектері еліміздің орта, арнаулы және жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, мемлекеттік басқарма органдарында, мәдениет мекемелері мен ұйымдарында, халықаралық және ұлттық компанияларда, ұлттық қауіпсіздік саласында еңбек етуде. Білім беру үдерісінің негізгі бөлігі өндіріс орындарындағы тәжірибені құрайтындықтан, студенттердің ғылыми іс-тәжірибелерін өтеу мекемелерінде жұмысқа орналасу мүмкіндіктері де көп.

Құрметті жас түлек! Егер сен табысты мансап жолын құрып, өмірде жетістікке жетем десең ҚазҰУ-дың тарих факультетін таңда!



ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ
тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

НОҒАЙБАЕВА
Меңдігүл Сағатқызы



ТҮЛЕКТЕР ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ...

Тарих факультеті әлем және Отан тарихы, археология және этнология, музей ісі және ескерткіштерді қорғау, мұрағат ісі, құжаттану және кітапхана салалары бойынша бәсекеге қабілетті жаһандық жоғары сапалы мамандарды даярлаудағы көшбасшы.

Факультет түлектері:

- Орта, арнаулы және жоғары оқу орындарында (мектеп, гимназия, колледж, университет)
- Ғылыми-зерттеу мекемелерінде
- Мемлекеттік басқарма органдарында (әкімдік, министрлік және т.б.)
- Ұлттық, мемлекеттік, орталық, облыстық, қалалық, аудандық, ведомствалық, коммерциялық және жекеменшік мұрағаттарда
- Мәдениет мекемелері мен ұйымдарында (мұражай, кітапханалар)
- Халықаралық және ұлттық компанияларда
- Банк саласында
- Дипломатиялық қызмет
- Саяси сарапшы
- Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарындағы іс жүргізу
- Халыққа қызмет көрсету орталықтарында
- Ұлттық қауіпсіздік саласында
- Қоғамдық ұйымдар мен қорларда
- Туризм саласында жұмыс атқара алады.

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ




НҰРСАН ӘЛІМБАЙ
– т.ғ.д., доцент.
ҚР Мемлекеттік орталық
музейінің директоры.
1976 жылғы түлек.



**ПИРМАНОВ
ӘДІЛХАН БАТЫРХАНҰЛЫ**
– т.ғ.к., доцент,
«Атамұра» баспасының
бас редакторы.
1977 жылғы түлек.



**СЫДЫҚОВ
ЕРЛАН БАТТАШҰЛЫ**
– т.ғ.д., профессор.
ҚР ҰҒА академигі. 2011
жылдан Л.Н. Гумилев
атындағы Еуразия ұлттық
университетінің ректоры.
1978 жылғы түлек.



САҒЫНАЙ АБДУЛЛИН
«Жетіген» тобының
мүшесі. «Алматы менің
махаббатым» атты та-
нымал ән фестивалінің
жүргізушісі, өнер
саласының мэтры.
1979 жылғы түлек.



**НАЗАРБАЕВА
ДАРИҒА**
ҚР Сенат парламентінің
төрағасы.
1985 жылғы түлек.



ҚОЯНБАЕВ НҰРЛАН
Қазақстандық продюсер,
тележүргізуші және актер.
2000 жылғы түлек.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Тарих факультеті отандық және шетел тарихы, археология және этнология, музей ісі және ескерткіштерді қорғау, мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету, кітапхана ісі салалары бойынша мамандар дайындайды.

БАКАЛАВРИАТ бойынша білім беру бағдарламалар тобы:

В034 – «Тарих және археология» бағдарламалар тобы:

6В02204-Археология және этнология

6В02205-Тарих

6В02206-Музей ісі және ескерткіштерді қорғау

6В02211-Этнология және антропология

6В02210-Археология

В043 – «Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және мұрағаттану ісі» бағдарламалар тобы:

- Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету
- Кітапханалық ақпараттық жүйелер
- Сандық архивтану және құжаттану

МАГИСТРАТУРА бойынша білім беру бағдарламалар тобы:

М053 – «Тарих және археология» бағдарламалар тобы:

7М02210- Тарих

7М02208-Дүние жүзі тарихы (Италияның Ла Сапиенца университетімен қос дипломды білім беру бағдарламасы)

7М02213-Ұлттық тарих (Түркияның Стамбул университетімен қос дипломды білім беру бағдарламасы)

-Тарих (Ресейдің РУДН университетімен біріккен білім беру бағдарламасы)

7М02207-Археология және этнология

7М02215-Физикалық антропология

7М02209-Тарихи информатика

7М02214-Көпшілік тарих

7М02212- Музей ісі және ескерткіштерді қорғау

7М02218-Музей ісі және ескерткіштерді қорғау

(Алтай Мемлекеттік университетімен біріккен қос дипломды білім беру бағдарламасы)

7М02219- Археология

7М02210- Этнология және антропология

7М02224-Цифрлық дәуірдегі мұражай: дәстүр және инновациялар (РМГУ)



**М016 – «Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау»
бағдарламалар тобы:**

7М01601-Тарих

7М01602-Тарих және география

**М069 – «Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және мұрағаттану ісі»
бағдарламалар тобы:**

7М03206-Кітапханалық ақпараттық жүйелер

7М03205-Мұрағаттану, құжаттану және құжаттаманы қамтамасыз ету

7М03208-Мұрағаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету
(Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетімен қос дипломды
білім беру бағдарламасы)

7М03207-IT мұрағаттану және құжаттану

ДОКТОРАНТУРА бойынша білім беру бағдарламалар тобы:

D053 – «Тарих және археология» бағдарламалар тобы:

8D02205-Археология және этнология

8D02206-Тарих

8D02207-Музей ісі және ескерткіштерді қорғау

8D02210-Археология

8D02211-Этнология және антропология

**D069 – «Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және мұрағаттану ісі»
бағдарламалар тобы:**

8D03205-Мұрағаттану, құжаттану және құжаттаманы

басқаруды қамтамасыз ету

8D02206-Кітапханалық ақпараттық жүйелер



«Тарих және археология» бағдарламалар тобының артықшылықтары:

Пәнаралық және шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болуы (Ресей, Түркия, Италия); Қазақстанның ең беделді археологиялық базаларында тәжірибе өту мүмкіндігі (Шілікті, Ботай, Алтай, Ақтөбе (Баласағұн), Геоархеология); әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультеті еліміздегі «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» білім беру бағдарламасы бойынша үш сатылы білім беру жүйесі негізінде мамандар даярлайтын жалғыз жоғары оқу орны.

«Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау» бағдарламалар тобының артықшылықтары:

Тарих факультеті және география және табиғатты пайдалану факультеттерінің жетекші профессорлары мен доценттері дайындаған өзекті мәселелер бойынша бірегей авторлық пәндер; Білім берудегі ең жаңа әдістемелер мен техникалық құралдар; Тарих және география саласындағы мәселелер мен методологиялардың кең-ауқымды спектрі; Магистранттың таңдауы бойынша жекелеген маманданған пәндерді терең зерттеу; Ғылыми жобаларға қатысу.

«Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және мұрағаттану ісі» бағдарламалар тобының артықшылықтары:

Оқыту үдерісінде теория мен тәжірибені ұштастыруы; Қосдипломды білім беру бағдарламасы Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетпен (РМГУ) бірлесе отырып іске асырылуда; Польша, Чехия, Голландия, Германия, Ресей және Түркия мемлекеттеріндегі ірі ғылыми орталықтар мен архивтерде магистранттардың шетелдік іс-сапар тәжірибелері өтеді; Дәстүрлі Халықаралық жас архившілердің жазғы мектеп жұмысына қатысу, РМГУ (Ресей), NARA (АҚШ) бірлесіп өткізіледі, халықаралық сертификат беріледі; Халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу.

ФАКУЛЬТЕТІМІЗ ЖАЙЛЫ ПІКІРЛЕР

*Кеңесов Әкежан – 4 курс,
студенттік декан*

Студенттік өмір жарқын естеліктермен, қызықты сәттермен есте қалуы керек. Жастардың өз идеяларын жүзеге асыруға арналған кеңістіктері, жас мамандардың үзілмес желісі, жақсы достардың ортасы, ұмытылмас ашылулар, естен кетпес ғажайып сәттерге тек университетте ғана қол жеткізуге болады. Әрбіріміз үшін жасалған үлкен жағдай. Осындай жылы атмосфера – ҚазҰУ жастарында!

Студенттік декан ретінде факультетімнің абыройын көтеруге барымды саламын, барымды беремін. Себебі, біздің факультет Отанымыздың тарихын, археологиясын зерттеумен айналысатын еліміздегі ең үздік, іргелі орталықтардың бірі.



*Емре Севинч – 2 курс магистранты,
Археология және этнология мамандығы*

Мен Түркияның Гази университетінің магистрантымын, алайда зерттеу тақырыбым ретінде Қазақстанның ерте темір дәуірі археологиялық ескерткіштерін таңдадым. Сондықтан академиялық ұтқырлық арқылы тарих факультетіне оқуға келдім.

Қазақтар өте қонақжай халық, факультетке келгенімде оқытушыларым мен группалас магистранттар көмектерін аямады. Зерттеу жұмысыма қажетті мәліметтерді іздеуге, қазақ тілімді дамытуға көп үлес қосты. Сонымен қатар, университет ұйымдастырған ғылыми конференцияларға қатысып, көптеген ғалымдармен танысуға мүмкіндік алдым.






ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ



Ұлыбритания



Түркия, Стамбул



Қытай Халық Республикасы



Украина



Сеул, Корей Республикасы



Германия



ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

Ә. Х. Марғұланындағы
АРХЕОЛОГИЯ
ИНСТИТУТЫ



THE UNIVERSITY
OF HONG KONG



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МҮЗЕЙІ



ADAM MICKIEWICZ
UNIVERSITY
IN POZNAŃ



THE UNIVERSITY
of
WISCONSIN
MADISON



Ә. ХАСЕН АТЫНДАҒЫ
ӨНЕР МҮЗЕЙІ
ҚАЗАҚ МҮЗЕЙ СҮЛТІМІ



EBERHARD KARLS
UNIVERSITÄT
TÜBINGEN



SAPIENZA
UNIVERSITÀ DI ROMA

東京大学
THE UNIVERSITY OF TOKYO



СТУДЕНТТІК ӨМІР



Студенттік көктем



Наурыз 2019



Музей түні



Спорттық жарыс



Археологиялық іс-тәжірибе



Мастер класс



Жігіт сұлтаны сайысы



Жалын фестивалі



Флэшмоб



Ана тілі аруы сайысы



Ең үздік студенттік отбасы байқауы



Көрме

Қазақстанның көне және ортағасырлық археологиясы мұражайы

Қа. тілі

